

Т.С. ТЕБЕГЕНОВ

(Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.)

**ЖАЗУШЫ СЕРІК АСЫЛБЕКҰЛЫНЫҢ «КҮЗГІ РОМАНС» ПЬЕСАСЫНДАҒЫ
ӨМІР ШЫНДЫҒЫ
ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ШЕШІМ**

Аннотация

Мақалада драматург-жазушы Серік Асылбекұлының «Күзгі романс» пьесасының поэтикалық ерекшеліктері тарихи шындық және көркем түйіндеу заңдылығы арнасында талдап қорытылған.

Кілт сөздер: қойылым, классикалық дәстүр, тарихи шындық, көркем шешім.

Ключевые слова: постановка, классическая традиция, историческая правда, художественная развязка.

Keywords: Statement, classical tradition, the historical truth, art outcome.

Тәуелсіз Қазақстанның қазіргі жаңа әдебиетінің көрнекті саласы болып саналатын драматургияда классикалық дәстүр үрдісін жалғастырған жаңа туындылар сахналық қойылымдарға жиі ұсыныла бастады.

Жазушы Серік Асылбекұлының «Күзгі романс» атты пьесасының тақырыбы – отбасылық-жұбайлық тұрмыс, идеясы – жұбайлық-жұптық ғұмырдың шынайы махаббат сезімімен ғана мықтылығын, тәттілігін дәлелдеу.

Пьесаның басты кейіпкерлері – Сайлау мен Назым, Сюзанна мен Әлібек – бәрі де жұбайлық, ерлі-зайыптық өмір сүріп жатқан отбасылар мүшелері. Сайлау мен Назымның отбасында ержетіп келе жатқан балалары бар, қызы Сәуле 18-де, білдей екінші курстың студенті, ұлы «Арман 10-класта оқиды» (409-б.). Сайлау Біләлұлы – танымал кәсіби режиссер, театрдағы спектакльдердің жанаша қойылымдары туралы үнемі ойланып, шығармашылық ізденістермен жүретін қиялшыл кейіпкер. Ал оның әйелі Назымның дүниетаным көзқарасы, өмір сүру туралы ұстанымы – тек ғана материалдық-тұрмыстық күнкөрістік психологиясы. Күйеуі Сайлаудың басқа бір жалғызбасты әйелмен сұхбаттасып-сырласып жүргенін білгеннен кейін ажырасатынын мәлімдеп, үйден қуып шығарып жатқан сәттегі сөздері де өмір сүрудің мағынасын, мазмұнын материалдық молшылық, күнкөрістік жағдайды дұрыстау тұрғысында бағалайтын, өмір бойы сол үшін

күресетін әйел тұлғасын даралап танытады. Көп жыл отасқан күйеуінің өзіне салқын қарап, басқа әйелмен дидарласып жүргенін кешіре алмаған Назымның күйеуі Сайлауды үйінен қуып жіберердегі сөздері де шындығымен мойындатады:

«Ешқандай да еңбегің сіңген жоқ! Пәтерді де он жыл кезекке тұрып, өзім алдым. Мебельді де, бәрін де! Ең ар жағы телефонға дейін өзім құрғыздым ғой. Өтірік деші!.. Ал сен жүрдің ана шуылдақ әртістеріңді ертіп гуляйтты салып! Өзіңше режиссермын, ондаймын, мұндаймын деп көкіректенесің. Ал қолыңнан түк келмейді. Міндетсініп тұрғаның менің етігімнің бір сыңарына да жетпейтін қайыршының асындай айлығың ба?! Ол өзіңнің ішіп-жеуіңнен де ауыспайды, білдің бе? Өмір бойы менің мойныма мініп алғансың, ал мен байғұс осының бәрін тірнектеп жинаумен келемін. Арам тамақ!..» (Асылбекұлы С. Шығармалары. 2-т. – 382-б.).

Назым – қазіргі заманғы тұрмыс тауқыметімен бетпе-бет арпалысқа түсіп, сол бейнеті мол тынымсыз іс-әрекеттерімен отбасын асырап отырған мыңдаған, бәлкім, миллиондағы қазақ әйелдерінің көркем жинақталған бейнесі. Капитализм дәуіріндегі адамдардың тұрмыстық қайшылықтар тартысындағы, материалдық және рухани қажеттіліктерді жүзеге асырудағы іс-әрекеттерін танимыз. Тұрмыстық ұсақ-түйектерден бастап бәрі де есепке құрылған тіршілік майданындағы қазақ әйелінің отбасының берекелі тұрмысы үшін арпалысып жүрген келбетімен дидарласамыз. Бұл – фольклор мұралары мен әдебиет шығармаларында жан мен тән сұлулығы айрықша дараланатын, нәзіктік пен сезімталдық, еркектердің қамқорлық аясында ғана үйде бала туып, бесік тербетіп, күйеуінің түзде табатын табысына ғана телміріп отыратын романтикалық бояуға малынған қазақ әйелі емес! Назым – ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бастап қазіргі кезеңде де тең-тең тауар салынған жүктерін алыс-жақын шетелдерден тасымалдап, қалалардағы базарларда, көшелердегі дүңгіршіктерде, т.б. – барлық жерлерде сауда жасап, қалайда қаражат тауып, тұрмыс қыспағына ұшырамау үшін жанталаса жүгіріп жүрген мыңдаған қазақ әйелдерінің ортақ болмысының көрсеткіші. Назымның күйеуі белгілі режиссер Сайлау Біләлұлына өршелене мәлімдеген монолог сөзі де заман шындығын сыншыл, шыншыл бағалаған жан-жақты дүниетаным иесінің тұлғасын мінездей даралаған:

«Қай ғасырда өмір сүріп жатырсыңдар, жарқындарым-ау?! Тым болмаса айналарыңа бір мойын бұрып қарасаңдаршы! Өмір танымастай өзгерді, өзгермеген сендер ғана! Қазір Қазақстанда – капитализм, жан алысып, жан беріскен бәсеке, бірін-бірі жеп қойғысы кеп жанталасып жүрген адамдар, в конце концов – свободный рынок. Ал сендердің театрларың ше? Сендердің театрларыңда – сол баяғы сүйегі әлдеқашан құрап қалған феодализм мен социализм... Кісінің жүрегін айнытатын жылымышы романтика! Прагматикалық салт-сана, ХХ ғасырдың соңындағы қатал өмір шындығы қайда?! Ол атымен мүлде жоқ! Жоқ и все... Өйткені сендер шеттеріңнен кембағал бейталантсыңдар, примитивсіңдер! Өткенді ғана малданып әбден жаман үйренгенсіңдер, ал өздеріңнің қолдарыңнан жаңа бірдеңе жасау мүлде келмейді. Соған қарамай еше кеуделерің аяққаптай». (Асылбекұлы С. Шығармалары. 2-т. – 382-б.).

Капиталистік жүйенің нақты шындығы – күнкөрістік ақша табылатын жүйесін дамыту. Назым – бұрын тек ғана мемлекеттік саяси-идеологиялық құралы болуының арқасында сенімді насихатшы-малай болған, соның арқасында мол ақша-гонорар, атақ-дәреже алған, жалақысы мол қызмет атқарған шығармашылық саласындағыларды

айыптайды: *«Қолдарыңнан жоғарыдағы бастықтарға жағымпазданғаннан басқа түк келмейді. Дәмететіндерің – атақ, абырой, ақша және бір кішкентай кресло!.. Сөйтін жүріп сендерден өнер, ғылым қайдан шығады, а, айтшы кәне?!»* (Асылбекұлы С. Шығармалары. 2-т. – 383-б.).

Назым бейнесі – Қазақстанның мемлекет иесі қазақ халқының Тәуелсіздік жылдарында нарықтық қатынастардың қиындықтарымен бетпе-бет келген тағдырының көрнекті көрсеткіші. Өртүрлі әкімшілік-бақылау мекемелеріндегі шенеуніктермен аңдыса, жағаласа жүріп, сауда дүкенін ашып, күнкөріс тапшылығынан отбасын құтқарып отырған Назымның режиссерлік шығармашылығымен ғана айналысушы басқа кәсіпке икемі жоқ күйеуі Сайлаудың бөтен әйелмен оңаша кездесіп жүргенін кешіре алмай, үйінен қуып жіберуі кезіндегі сөгісті мәлімдеу де реалистікпен берілген:

«Назым. Немене ... дүкен-дүкен!.. Біле-білсең сол дүкеннің арқасы шығар сенің осылайша талтаңдап жүргенің. Оны да мен аштым ғой талай чиновниктің есігін адақтап жүріп! Біреуін әкелер, біреуін көкелеп. Қаниша жүйкем, денсаулығым құрыды сол дүкенді ашқанда!.. Сен жүрдің шуылдақтарыңмен бірін анда-мұнда гуляйттап! Айттып отырмын ғой, сендердің бәріңді түріп айдап шығу керек деп! Сендер нағыз бүлдіргісіңдер!..». (Асылбекұлы С. Шығармалар. 2-т. – 383-б.).

Пьесаның кейіпкері Сайлау –әйелі Назымның ебіл-дебіл боп отбасының берекелі тұрмысы үшін жүгіріп жүргенін түсінбеген, тек өзіндік шығармашылық кәсібі аясындағы қиялымен жүрген, сөйтіп жүріп күйеуі Әлібек тастап кеткен, өзіндей сезімтал, үйінде ғана отыратын Сюзанна есімді әйелге жаны ашып оны айналақтап жүргені жөнінде. Әйелі Назымға Сюзаннаның үйінде болғаны, бірге шарап ішіп музыка («Күзгі сүйіс» романсы) тыңдағандарын баяндағаны, ақырында Сюзаннаның әрекетін *«Бір кезде музыкаға елігіп кеткен ол менің мойнымнан құшақтады да, ернімнен әлсіздеу, солғын ғана сүйді»* деуі – бәрі де оқып отырған оқырманды да, пьесаны көріп отырған көрерменді де бей-жай қалдырмайды. Осы арадағы Назымның сөзі – реалистік шыншылдығымен естіледі:

«Назым (тұтығып). Әрине-әрине!.. Мен оны қайдан түсінейін. Сен секілді ерігіп, көрінгенмен сүйісіп жүр деп пе ең мені!.. Менің ... менің ана екі бала мен сені қайтсем адам қылам, қайтсем ішіндірем-киіндірем деп жарғақ құлағым жастыққа тимей келе жатқан жоқ па өмір бойы. О, күйдіргі-күйдіргі! Ана Сәулеш пен Арман келмей тұрғанда қараңды батыр бұл үйден! (Асылбекұлы С. Шығармалары. Т. 2. 388-б.).

Пьесаның кейіпкері – Сюзанна да өзіндік болмысымен дараланған. Ол Сайлаудың әйелі Назыммен салыстыра баяндауы бойынша: *«Ол ... Ол сен секілді аузына не келсе соны айтпайды. Жаны нәзік, мәдениетті адам. Әкесі де, шешесі де мұғалім, нағыз интеллигенттер семьясынан шыққан. Ғылым кандидаты, институтта сабақ береді»* (Асылбекұлы С. Шығармалары. 2-т. – 386-б.).

Күйеуі Әлібек үйінде жарына, баласына, түзде қоғамға жан-тәнімен қызмет істеп жүрген үлгілі әйел Сюзанна пьеса құрылысындағы диалогтарымен, оқиғалармен сүйкімді әдеби-драмалық бейне қалпымен әсер етеді. Күйеуі баласымен екеуін тастап, хабарсыз кеткенде де оның қайта оралуын айлар бойы күткенін («Неге екенін қайдам, маған әйтеуір сен бір күні бізге, балаң екеуімізге, міндетті түрде оралатындай боп көрінетінсің. Кілті жоқ қой түн ішінде үйге кіре алмай тұрған шығар деп сені аяйтынмын. Алайда, орнымнан

апыл-ғұпыл тұрып, жалаңаяқ, жалаң бас, ішкөйлегіммен есіктің алдына жүгіріп барып, қанша тың тыңдасам да, үнемі есік қаққан ешкім жоқ болып шығады. Алқынып, дір-дір етіп, табалдырықтың көзінде жын қаққан адамша тұрам солай тағы бір бес-он минут. Бірақ ешкім жоқ. Дүние мылқауланып алған, тым-тырыс») ((400-бет), бір жылдай өткенде біржолата күдерін үзгенін естиміз: *«Қазір менің жүрегім тас болып қатып қалған. Ол енді менің өзіме де бағынбайды»* (401-бет).

Жан-тәнімен берілген адам өзін осылайша аяусыз қорлап, тастап кеткеннен кейін өзіне жұбанышты, жылы сөздерін, тілеулес ықыласын танытқан Сайлауды енді Сюзанна өзінің жаңа тапқан бақытындай санайды. Сайлау үйінен қуылып келгенде қуанып, ұлы Әділдің өзіне Сайлауға күйеуге шығуын ұсынғанын, оның өзіне заңды күйеу болуын армандап жүргенін ашық айтады.

Пьесадағы Сайлаудың мамандығын сүйетініне, жаны жаралы Сюзаннаға жылы ықыласымен демеу болғанына әуелде тілеулестікпен қарап отырсақ та, оның отбасын сақтауға, балаларының болашағын ойлауға селқостығын сезінеміз де, қызы Сәуле телефон соғып, шешесінің ауырып ауруханаға әкетілгенін, әкесінің тез үйге оралуын айтқанына бей-жай қарап, Сайлаудың Сюзаннаның үйінен кеткісі келмей отырғанын құптамаймыз. Өзі құрған отбасына, балаларының тағдырына осылайша жауапсыз қараушы, сырты, жылтыр, іші бос қуыс осындайлардың кесірінен ХХ ғ. екінші жартысы мен ХХІ ғ. басында жесір әйелдер, жетім балалар көбейді. Сайлау – қазақ отбасыларының мәңгі мызғымайтын ата-бабалар дәстүрін ұмытқан, жарын балаларын да қаңғытып, бұл күндері қазақты мәңгірткен деңгейге жеткізуге негіз болған азғындардың жинақтала бейнеленуі Сюзанна Сайлауға мұңын шағуы кезіндегі көңіл-күй психологиясын (*«... сол арман ешқашан орындалмайтын тәрізді болып көрінетін. Сонан соң, сенсең, көзімнен жас шұбырып, жалғыздықтан жаным жабығып, үнсіз жылайтынмын»*) (390-бет) деп ашық мәлімдейді. Сюзаннаның адал ақ сезімі қорланып, ару әйел болса да күйеуінің опасыздығынан жалғыздыққа ұшырап азап шегіп жүргенінде Сайлаудың кездесіп көңілінде өмірге деген үміт, сенім оты лаулай бастағанын сезінеміз. Оқырман да, көрермен де Сюзаннаны аяйды, соның тілеуінің орындалуын күтеді.

Сайлау – пьесадағы негізгі оқиғалардың өзара байланыстыру қызметін атқарып тұрған кейіпкер. Оның театр режиссері қызметі кейіпкерлер Назымның және Әлібектің сөз бағалауларымен айқындалады. Капиталистік нарықтық қарым-қатынастардың қатал заңдылығы жүйесінде шығармашылық жаңашылдығы да, отбасын материалдық жағынан асырай алатын қаражаты да жоқ Сайлау тектес адамдар – уақыт шындығының нақты көрсеткіштері. Отбасындағы беделі әлсіреген, бір кезде сүйіктісі болған жарына, балаларына деген қамқорлық ықыласы суыған осындай адамдардың да бейнеленуі жаңа қоғамның трагедиялық жағын да аңғартады.

Пьесаның кейіпкері – Әлібек, Сюзаннаның баяндауы бойынша: *«... жаратылысынан прагматик адам. ... Үнемі заманның алдында жүргісі келеді. Осы қайта құру басталғаннан бұрынғы қызметін тастап – ол да мен секілді ғылым кандидаты болатын биология ғылымдарынан – бірден бизнеске кірісті. Мені де: «Ғылымды қой, ол сені енді асырамайды», деп, азғырып көрген, бірақ мен өзімнің сүйікті ісімді тастап кете алмадым. Ал ол заман ыңғайын тез байқап, бұрынғы қызметіне қолын бір сілтеді де, жүре берді. Ақмола астана боларда да жұрттан бұрын солай қарай ауысып алды. Сол*

жақта жүріп институтты жаңадан бітірген бір қызға үйленді» (Асылбекұлы С. Шығармалар. 2-т. – 393-бет).

Әлібек – пьесаның идеялық түйіні бойынша өзімшіл пиғылды жан. Оның биология ғылымындағы алғашқы ізденістері де, одан кейінгі бизнестегі қаржылық табыстары да, сол жолда өзіне шын берілген, күңіндей қызмет еткен Сюзаннаны тастап кетіп жас қызға үйленгені – бәрі де тек ғана ақшалы бай адам болу жолындағы өзіндік пенделік күресі ғана! Екінші әйелі ойнасқор, өз мүдделестерімен сыбайласып, өзін алдап соққаннан кейін, Сюзаннаға келіп жалбарынып отырған сәті – осындай ұсақ ойлы пенделердің жиіркенішті, құбылмалы келбетін көз алдымызға елестетеді:

«Әлібек. Сюзанна, өтінем. Әуелі мені тағы бір дұрыстап тыңдап алшы. Рас, мен ақымақ болдым. Тағы да қайталап айтам, қажет болса, аяғыңа жығылайын, құлың болайын. Жаңа айттым зой, менің әлгі екінші әйелімнің аферистка болып шыққанын. Ол шын мәнінде менің қойнымда жатқан сұр жылан болып шықты. Өзінің ішкі істер органында істейтін любовнигімен, басқа да сыбайластарымен бірігіп алып, мені банкрот қылып, сазға отырғызып кетті ақыры» (401-бет).

Әлібек – өмірдің мәні де, маңызы да ақшалы бай болу мұратымен ғана еңбек ететін адамдардың өкілі. Бұл – әлем халықтарының ежелгі замандардан қазіргі дейінгі жалғасқан ұстанымы. Бірақ сол ұстанымды адамгершілік-имандылық қасиеттермен тұтастандыру, жан діліне ешқашан да болмаған сезімсіз көркөкірек Әлібектің өзі жылатып тастап кеткен бұрынғы әйелі Сюзаннаға келген сәті («*Әлібек жалма-жан Сюзаннаның алдына тізерлей отырып, оның қолын ерніне тигізеді*») де өте жиіркенішті. Өзіне сүйікті жар болған, тіпті күңі секілді («*Сюзанна. Үйленген күннің ертеңінен бастап, алдыңнан кесе өткенім жоқ – мен үшін сенің ақ дегенің алғыс, қара дегенің қарғыс болды. Қызмет еттім, отыңды өзім жағып, асыңды өзім түсірдім. Одан қалды, қолым кішкентай қалт етсе, азық-түлік іздеп, қаланың дүкен біткенін жалғыз өзім адақтадым. (Жыларман болып). Тіпті экспериментальды биология институтында істеп жүргеніңде, лабораторияға жылу жібермей жатыр, кроликтер мен тышқандар тоңып өлетін болды дегеніңде соларыңа дейін үйіме әкеп бақтым зой. Сонда да жақпаппын саған. Өтірік пе осыным? Әлібек. Рас-рас! Мен ақымақ болыптын! Кешір!»*) болғаны да Әлібектің сиқын даралай түседі.

Пьесадағы Әлібектің өзіндік диалогтарымен капиталистік қоғамның заңдылығын танимыз. Қоғамда тек ғана өзіндік жеке мүддесінің орындалуы жолында тек ғана күштілікпен, қасқырлық қомағай озбырлықпен өмір сүру ұстанымы даралана бағаланады:

«Сюзанна тағы да қайталап айтам, бұ дүниеде арамдық, адалдық деген ештеңе жоқ! Адамдардың мүдделері деген ғана бар!.. Сондай-ақ, тіршілікте таза арам адам, адал адам деген де жоқ. Күшті адамдар, әлсіз адамдар деген ғана бар. Алдыңғылар – аз, соңғылар – көп құмырсқалар секілді өріп жүр! Соңғылар алдыңғыларға қызмет ету үшін жаралған. Мен, мәселен, өзімше шартты түрде, әрине – алғашқыларды қасқырлар, соңғыларды топас қойлар деп атаймын. ... Сондықтан мынау күнәар тіршілікте біздің, адамдардың алдында бір-ақ таңдау бар: не қой болып қасқырларға жем болу, не қасқыр болу. Сюзанна, түсінемісің, менің қой емес, қасқыр болғым келеді!.. (403-бет).

Әлібек өзінің қасқырлық мүддесі үшін хакім Абайдың қара сөздерін де, өлеңдерін де сөз арқауына алып сөйлейді, сол арқылы өзіндей қасқырлық пиғылдылардың халықты

өктемдікпен қанау, тонау, билеу ұстанымын қорғайды. Кейіпкердің жаңа кезеңге тән ойларының тіпті ұлттық мүдде үшін пайдалы тұстары да байқалады:

«Рас, келісем, бақытты өркениетті қоғамның кепілі – әділет пен шындық, демократия. Бірақ сол әділет пен шындық, демократия өз аяғымен қазаққа құлдық ұрып жүгіріп келмейді, ол үшін бейнеттеніп еңбек ету керек, тер төгу керек, тіпті қажет болса, алысып, арпалысу керек. Бірақ, сенің көбіңнің, қазағыңның әділет пен шындықтың қоғамда салтанат құруы үшін тер төкпек түгіл шөп басын сындырғысы да жоқ. Оларға бәрін біреулер жасап беру керек сияқты, ал жасап берсе, дайын асқа тік қасық бола қылмақшы. Бәрі олардың түсінігі баяғы Абай заманын дағыдан көп ұзап кете қойған жоқ.

Менің күшті болғым, қасқыр болғым келеді. Сюзанна, біле білсең, адалдық, анау-мынау, пәлен-пәштуан деп мораль соғатындардың бәрінің де күшті болғысы келеді. Бірақ ойларында күштілерге лайық қайрат жоқ, сонан соң малтасын езіп отырғандары. Жалпы мораль – әлсіздердің, топас қойлардың қорғаны, солардың шындықтан қашып барып паналайтын жұлым-жұлым жыртық күркесі» (Асылбекұлы С. Шығармалары. Т. 2. – 404-бет).

Әлібек те капиталистік нарықтық қатынастардың қатал ұстанымы бойынша шығармашылық кәсіп иелерін (әртіс, режиссер, суретші, жазушы, т.б.) «қиялилар» деп атап, «өтірік әлемінде өмір сүресіңдер» деп айыптап, «қоғамның тынышын алмас үшін сендерді мына өмірден әлеуметтік тип ретінде мүлде жою керек» деп тұжырымдайды. Бұл – капиталистік қоғам жүйесінің шығармашылық өнер иелерін тағдыр тәлкегіне, тұрмыс тауқыметіне ұшыратып отырған қатал заңдылығының көрінісі.

Пьесаның көркемдік түйіні – қазіргі жаңа тарихи кезеңдегі жеке отбасы мүшелерінің, ерлі-зайыптылардың нарықтық-экономикалық қарым-қатынастар қыспағына ұшырап, өздерінің табиғи жаратылыс бітім-болмыстарымен даралана танылғандығын дәлелдеу.

Пьесаның сюжеттік-композициялық желісіндегі шарықтау шегінде режиссер Сайлаудың әйелі Назымның қан қысымы 180-ге көтеріліп, ауруханаға әкетілгенін, үйге тез оралуын өтінген қызы Сәуленің шақыруымен, оны естіген Сюзаннаның Сайлауды үйіне қайтарғанын оқып, көріп тұрсақ та, сол ерлі-зайыптылар одағының қайта жарасып кетуіне күмәнданамыз. Ал Сюзаннаның аяғына жығылып, қолын сүйіп кешірім сұраса да Әлібек екеуінің қайта қосыла алмайтынын да анық сезінеміз.

Қорыта айтқанда, «Күзгі романс» пьесасы – қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиетіндегі драматургия саласындағы психологиялық-лирикалық сарындылығымен ерекшеленетін көрнекті туындылардың бірі.

Резюме

Т.С. Тебегенов

(Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г. Алматы)

ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРАВДА И ХУДОЖЕСТВЕННАЯ РАЗВЯЗКА ПЬЕСЫ СЕРИКА АСЫЛБЕКУЛЫ

В статье анализированы поэтические особенности пьесы драматурга-писателя Серика Асылбекулы «Осенний романс» в русле закономерностей исторической правды и художественного обобщения.

Ключевые слова: постановка, классическая традиция, историческая правда, художественная развязка.

Summary

T.S. Tebegenov

(Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty)

THE HISTORICAL TRUTH AND ART OUTCOME OF PLAY SERIK ASILBEKULI

В статье анализированы поэтические особенности пьесы драматурга-писателя Серика Асылбекулы «Осенний романс» в русле закономерности исторической правды и художественной обобщений.

Keywords: Statement, classical tradition, the historical truth, art outcome.

Поступила 3.05.2013 г.